

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 қыркүйек N 930

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1997 жылғы 10 маусымда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан
Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы
азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы
КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 5, 87-құжат)
(1998 жылғы 7 қазанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 68 бет)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастарды бұдан әрі дамыту, олардың
азаматтарының жол жүрулерін құқықтық реттеу мақсаттарында
төмендегілер жөнінде келісті:

Бір Тарап мемлекеті азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша визасыз, осы мемлекеттегі іс жүзіндегі болу және тіркелу ережелерін сақтай отырып, осы Келісімге 1-ші және 2-ші Қосымшаларда көрсетілген жеке басын куәландыратын және азаматтығын растайтын құжаттар бойынша келуге, кетуге және жол жүруге құқықтары бар.

Тараптар мемлекеттері азаматтарының жол жүрулері Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы мемлекеттік шекараларындағы өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.

2-бап

Тараптардың үшінші мемлекеттер аумағында тұрғылықты тұратын азаматтары визасыз осы Келісімге 1-ші және 2-ші Қосымшаларда көрсетілген құжаттар бойынша келе, кете және Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы жол жүре алады.

3-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің азаматтарын шетелге шығуға және үшінші мемлекеттерге келуге күші бар құжаттар бойынша үшінші мемлекеттерге мемлекеттік шекарадағы халықаралық жолаушылар қатынасы үшін ашық өткізу пункттері арқылы өткізуге міндеттенеді.

Тараптар кетулері Тараптардың кез келгенінің құзыретті органдарымен шектелген азаматтардың өз мемлекеттері аумақтарынан үшінші мемлекеттерге кетулерін болдырмау шараларын қабылдайды.

Тараптар бір-бірін азаматтардың өзара жол жүрулерінің тәртібі мен режимі туралы үшінші елдермен іс жүзіндегі келісімдері туралы ақпараттандырып отырады.

4-бап

Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін жеке басын және азаматтығын куәландыратын жаңа құжаттар туралы кешіктірмей хабардар етіп және олардың үлгілерін жолдап, сондай-ақ осы Келісімге 1-ші және 2-ші Қосымшаларда көрсетілген құжаттарға қатысты өзгерістер туралы мәлімдеп отырады.

5-бап

Егер бұл мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау немесе халықтың денсаулығын қорғау үшін қажет болса, Тараптардың әрқайсысының осы Келісімнің жекелеген ережелерінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтатуға

құқығы бар.

Тараптар осындай шараларды қабылдау туралы және болдырмау туралы 30 күн бұрын дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне мәлімдеуге тиіс.

6-бап

Тараптардың осы Келісім ережелерін немесе Тараптар мемлекеттері аумағында болу және тіркелу ережелерін бұзған азаматтары Тараптардың заңдарына сәйкес тиісті мемлекетке қайтарылуы тиіс.

Болу ережелерін бірнеше рет бұзулар Тараптардың із жүзіндегі заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеуі мүмкін.

7-бап

Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімнің ережелерін қолдануға байланысты мәселелер бойынша ақпараттармен алмаса және кеңесе алатын болады.

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады.

8-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажет тиісті ішкі мемлекеттік

процедуралардың орындалғаны туралы дипломатиялық арналар бойынша ноталар алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Келісімнің қолданыс мерзімінің аяқталуынан алты ай бұрын оның тоқтағаны туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде мәлімдемесе, оның қолданысы келесі бес жылдық мерзімге өздігінен ұзартылатын болады.

1997 жылы 10 маусымда Алматы қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруде пікір алшақтықтары пайда болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі
арасындағы Қазақстан Республикасы мен
Әзірбайжан Республикасы азаматтарының
визасыз жол жүрулері туралы келісімге
I Қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының Әзірбайжан
Республикасының аумағы бойынша келу, кету және
жол жүру құжаттарының
ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басының куәлігі.
2. Қазақстан Республикасы азаматының ұлттық паспорты.

3. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы белгісі бар

бұрынғы КСРО-ның мерзімі бейнеленген 1974 жылғы үлгідегі паспорт.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығы туралы белгісі бар жеке басының уақытша куәлігі.

5. Тууы туралы куәлік (16 жасқа дейінгі балалар үшін).

6. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерінің жеке басының куәлігі.

7. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері прапорщигінің (мичманының) жеке басының куәлігі.

8. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшісінің әскери билеті.

9. Қазақстан Республикасы азаматының дипломаттық паспорты.

10. Қазақстан Республикасы азаматының қызметтік паспорты.

11. Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспорты.

12. Қазақстан Республикасы әуе кемесінің экипаж мүшесінің куәлігі (экипаж құрамында ұшу кезінде).

13. Қазақстан Республикасының теміржол көлігі қызметкерінің жеке басының куәлігі (поезд бригадаларының жол жүруі кезінде).

14. Қазақстан Республикасына қайтуға куәлік (тек қана Қазақстан Республикасына қайту үшін).

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі
арасындағы Қазақстан Республикасы мен
Әзірбайжан Республикасы азаматтарының
визасыз жол жүрулері туралы келісімге
2 Қосымша

Әзірбайжан Республикасы азаматтарының Қазақстан
Республикасының аумағы бойынша келу, кету және
жол жүру құжаттарының
ТІЗІМІ

1. Әзірбайжан Республикасы азаматының нотариалдық куәландырылған аудармасы бар жеке басының куәлігі.
2. Әзірбайжан Республикасының азаматтығы туралы белгісі бар бұрынғы КСРО азаматының паспорты.
3. Әзірбайжан Республикасының азаматтығы туралы белгісі бар бұрынғы КСРО азаматының тууы туралы куәлігі (16 жасқа дейінгі балалар үшін).
4. Әзірбайжан Республикасы азаматының тууы туралы нотариалдық куәландырылған аудармасы бар куәлігі (16 жасқа дейінгі балалар үшін).
5. Әзірбайжан Республикасы Қарулы Күштері офицерлерінің жеке басының нотариалды куәландырылған аудармасы бар куәлігі.
6. Әзірбайжан Республикасы Қарулы Күштері прапорщигінің (мичманының) жеке басының нотариалды куәландырылған аудармасы бар куәлігі.
7. Әзірбайжан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшісінің нотариалды куәландырылған аудармасы бар әскери билеті.
8. Әзірбайжан Республикасы азаматының дипломаттық паспорты.
9. Әзірбайжан Республикасының азаматтығы туралы жазбасы бар бұрынғы КСРО азаматының дипломаттық паспорты (1997 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі).
10. Әзірбайжан Республикасы азаматының қызметтік паспорты.
11. Әзірбайжан Республикасының азаматтығы туралы жазуы бар бұрынғы КСРО азаматының қызметтік паспорты (1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін).
12. Әзірбайжан Республикасы азаматының жалпы ұлттық паспорты.

13. Әзірбайжан Республикасының азаматтығы туралы жазбасы бар бұрынғы КСРО азаматының шетелдік паспорты (қолданыс мерзімінің аяқталуына дейін).
14. Әзірбайжан Республикасы теңізшісінің кітапшасы (кеме рөлі немесе одан үзінді болған кезде).
15. Әзірбайжан Республикасы әуе кемесінің экипаж мүшесінің куәлігі (экипаж құрамында ұшу кезінде).
16. Әзірбайжан Республикасы темір жол көлігі қызметкерінің жеке басының куәлігі (поезд бригадаларының жол жүруі кезінде).
17. Әзірбайжан Республикасына қайтуға куәлік (тек қана Әзірбайжан Республикасына қайтуға арналған).